

## №1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 26.08.2022 жыл

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру)

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылына – жаңа дайындық»

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық- кеңістіктік дамытушы орта құру.

**Қатысқан педагогтардың жалпы саны: 5**

**Бөбекжай меңгерушісі:** Абилдаева Алтын Амановна

**Әдіскер:** Жұмашова Таңшолпан Құрманғазықызы

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттемемен танысу, бекіту және жаңа стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар, үлгілік оқу жоспары туралы толық түсіндіру.
2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы.
3. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы (жоспарлау, топтарды безендіру, құжаттар мен пед. Құрал – жабдықтарды түгендеу т.б.)
4. Көрме.
5. Педагогикалық кеңестің шешімі.

### Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Алтын Амановна сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды, яғни әдіскер, мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі және 2 топтың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты. Одан кейін ең үлкен мәселенің бірі – жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы, жаңа оқу қызметтері қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтарымен таныстырды. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері Т. Жұмашоваға берілді.

Әдіскер: Жұмашова Т.К. – құрметті Алтын Амановна, қадірлі әріптестер, барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан

күру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, 4 мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді, қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тындауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

Ендігі кезекте 2022-2023 оқу жылына қойылған жылдық міндеттемемізбен таныстырып өтейін: 1. Көркем шығарманы кейіпкерлендіру (Драматизациялау) барысында балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Мақсаты: Балалармен: Балалардың білуге құмарлығын, талаптылығын өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуін, түрлі әрекеттердегі қабілеттілігін байқау;

Баланың тілдік қатынасын жан-жақты дамытуда халық ауыз әдебиетін қолдану; Сөздік қорын, дыбыстық мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру және байланыстырып сөйлеуін дамыту;

Педагогтарға: Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену; ұйымдастырылған іс әрекеттерді қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейінкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

Ата-аналарға: Ата-аналар балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату.

2. Күннің екінші жартысында мазмұнды – рөлді ойын ойнату арқылы балаларды ұжымдық және шығармашылық іс-әрекетке біріктіру және бағдарлау.

Максаты: Мазмұнды-бейнелі ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құс фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер: Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Сонымен қатар баланың құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік-сюжеттік ойындарға үлкен мән берілуі тиіс. Ойын үстінде бала сұранысы мен тәрбиешінің тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: Сюжеттік-рөлдік ойын: «Менің сүйікті кейіпкерім». Баланың сүйікті кейіпкері болатыны, өзінің оған ұқсағысы келетіні белгілі, ол баланың сол кейіпкер рөлін атқаруы оның моральдік танымы мен түсінігіне әсер етеді де, баланың жеке ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері өрістейді, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял-елестері дамиды, мұның бәрі баланың творчестволық талантын кенейтеді.

Осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін. Келесі сөз кезегін балабақша медбикесі А. Садмановаға беремін.

Балабақша медбикесі А.Садманова: Биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада көп уақыттарын өткізіп, ауру-сырқаттан аман болды. Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б. қадағалап отырдым. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары, оқу қызметтеріне қажетті көрнекі құралдар А-3 форматта балаларға оның тартымды қанық түсте болуын ескертті және оқу қызметіне қажетті құрал-жабдықтар, кезекшілік бұрыштары (табиғат бұрышындағы еңбек құралдары, асханадағы кезекшілік т.б.) төсек, сүлгі, шкаф т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтарды ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті. Әр топ тәрбиешілеріне концелярлық құралдар мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойыншықтар үлестірілді.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші балабақшада көрме өткізу керектігін атап өтті. Жыл сайын күзгі көрменің дәстүрге айналып келе жатқанына тоқталды. Мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі Б.Бабаева сөз алып, күзгі көрмеге ата аналарды өатыстыратынын және жүлделі орындарға мақтау қағазы мен ынталандыру сыйлықтар үлестіретінін атап айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін. Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет ете отырып, бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер.

Төрайымы

Хатшы:

А.Абилдаева

Б.Бабаева



## №2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Откізілген уақыты: 17.11.2022 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу»

Мақсаты: балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру.

Қатысқан педагогтардың жалпы саны: 5

Бобекжай меңгерушісі: Абилдаева Алтын Амановна

Әдіскер: Жұмашова Таңшолпан Құрманғазықызы

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кіріспе сөз: «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу»
2. Тартымды рефлексивті-рөлдік ойын: "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?"
3. «Балабақшадағы музыкотерапия»
4. «Біз біргеміз» тренинг

### ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер: Т. Жұмашова

- Мен бүгінгі пед.кеңесімізді «Денсаулық туралы» астарлы әңгімеден бастағым келеді - әуен тыныш естіледі.

/ мысал /: «Ертеде құдайлар Олимп тауында өмір сүреді. Оларға көңілсіз болады. Сөйтіп олар адамдарды жаратып, Жер планетасына қоныстандыруды шешеді. Олар ұзақ уақыт бойы адам қандай болу керек деп ойласады. Құдайлардың бірі: «Адам күшті болуы керек» десе, екіншісі: «Адам дені сау болуы керек», үшіншісі: «Адам ақылды болуы керек», - дейді. Бірақ құдайлардың бірі: «Адамда бәрі болады. Адамдардағы ең басты – денсалығын жасырып көрейік», - дейді. Олар адамның денсаулығын жасыруға шешім қабылдады. Олар «денсаулықты қайда жасыру керек?», - деп ойлана бастады, Біреулер денсаулықты көгілдір теңізде, ал басқалары биік таулардың артында жасыруды ұсынды. Сіздің ойыңызша, құдайлар адам денсаулығын қайда жасырды? (4К моделі, сыни ойлау)

Құдайлардың бірі: «Денсаулық адамның өзінде жасырылуы керек» деген екен. Адамдар өз денсаулығын табуға тырысып, ұзақ уақыт осылай өмір сүрген. Бірақ бәрі де құдайлардың баға жетпес сыйлығын тауып, сақтай алмайды! Демек, денсаулық менің бойымда, әрқайсымызда және әр балада жасырын болады. Сонымен, біздің бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы «денсаулық» тақырыбына арналады.

### Мига шабуыл

- Айтыңыздаршы, біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты? (танертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс)

Денсаулық дегеніміз не?

(педагогтардың жауаптары)

Бүгінгі таңда ғылымда «Денсаулық» туралы көптеген тұжырымдама жасалды. Оған толық анықтама беру оңайға соқпады. Олардың кейбірін қарастырайық (педагогтарға слайд түрінде ұсынылады).

**Денсаулық** - бұл оны ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі ағзаның қалыпты қызметі.  
**Денсаулық** - бұл организмнің және оның қоршаған ортамен атқаратын қызметтерінің динамикалық тепе-теңдігі.

**Денсаулық** - бұл организмнің қоршаған ортадағы үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу қабілеті, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау қабілеті, қалыпты және жан-жақты тіршілік әрекеттерін қамтамасыз ету, организмдегі тіршілік принципін сақтау.

**Денсаулық** - бұл аурудың болмауы, ауыр жағдай, ауыр өзгерістер.

**Денсаулық** - бұл негізгі әлеуметтік функцияларды толығымен орындау мүмкіндігі.

**Денсаулық** - бұл толық физикалық, рухани, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат. Дене және рухани күштердің үйлесімді дамуы, біртұтастық принципі, өзін-өзі реттеу және педагогикалық процестің барлық субъектілерінің үйлесімді өзара әрекеті.

**Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?**

(педагогтардың жауаптары, слайд арқылы көрсету)

**Тәрбиелеу** –сауықтыру, түзету және алдын алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.

**Салауатты өмір салтын үйрету үшін қолданылатын технологиялар қандай?**

(педагогтардың жауаптары, слайд арқылы көрсету)

Таңғы жаттығулар.

Дене шынықтыру сабақтары

Қарым-қатынас ойындары

Ойын

Құм терапиясы

Нүктелі массаж

Спорттық ойын-сауық мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ұйымдастырған іс әрекет жоспарына сәйкес өткізіледі.

Қараңыздар, сіздердің үстелдеріңізде жер үстінде ұшып тұрған боялған шарлар бар. Әуе шарының себетіне кішкентай адамдарды салыңыз. Бұл сіз және сіздің тобыңыздағы балалар. Сіздердің айналаңызда көк аспан, күн нұрын шашып тұр. Осы сапарға қандай 9 құндылықты бірге алып барар едіңіз, сіз үшін соншалықты маңыздыларын жазыңыз, (мысалы, ақша, денсаулық, отбасы, жұмыс, махаббат және т.б.). Енді сіздің шарыңыз түсе бастады және жақын арада құлап кету қаупі бар деп елестетіп көріңіз. Орнында тұру үшін, артық жүктен арылу керек. Артық жүкті алып тастаңыз, яғни тізімнен 3 (содан кейін тағы 3) сөзді сызып тастаңыз. Сіз тізімде не қалдырдыңыз? Әр адам өз құндылықтарын шеңбер бойымен оқиды. Жүргізуші оларды тақтаға жазады. Егер сөздер қайталанса, онда плюс қойылады. Содан кейін өмірлік құндылықтардың рейтингі плюс санымен және оның қатысушылары үшін маңыздылығымен анықталады. Мысалы, 1 орын - денсаулық, 2 орын - отбасы және т.б.

Жүргізуші: Өздеріңіз білетіндей, денсаулықты сақтау табысты тәрбие мен білім алуға, ал сәтті тәрбие мен білім - денсаулықты жақсартуға ықпал етеді. Білім мен денсаулық бір-бірінен ажырамайды.

Сіз балаларға «адамның өміріндегі ең қымбат нәрсе не?» деген сұрақ қойғанда, көбіне жауап ретінде естисіз: «ақша», «машина», «алтын» және т.б. Тағы сұрақтар туындағаннан кейін олар «денсаулық» деп атайды.

Балаларға: «Сендер ауырасыңдар ма?», «Я», «Ал сендерді немен емдейді?»,- дегенде, «дәрілермен»,- деп жауап береді.

- Дәрілерсіз сауығуға, жазылып кетуге болады ма? - «Жоқ!» Мұндай жауаптар балаларды сау болуға үйрету керектігін көрсетеді.

Поляк педагогі Януш Корчак былай деп жазды: «Балалар ересектер сияқты, дені сау және мықты болғысы келеді, тек балалар бұл үшін не істеу керектігін білмейді. Оларды түсіндірейік, сонда олар сақ болады ».

2. "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

1. «Ақбота» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ж. Әтен «Таңертеңгілік жаттығуларды өткізуде баланың денесін нығайту мен жақсартудың маңызы» туралы өз тәжірибелерімен бөлісуге шақырамын.
2. «Қарлығаш» ересек тобының тәрбиешісі А. Өменова «Серуеннің бала өміріндегі маңызы» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.
3. «Балауса» мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі Б. Бабаева «Баланың тыныс алуын жақсартатын жаттығулар» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.

3. «Балабақшадағы музыкотерапия». Әр топтың тәрбиешілері өз тәжірибесімен бөліседі.

4. «Дені саудың – жаны сау» тренинг психолог А.Абилдаева

#### Шешім:

1. Ең басты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді күнделікті қолдану талап етілсін. Баланың денсаулығына баса назар аударылсын.
2. Денсаулықты нығайту үшін күнде таңертең гимнастикалық жаттығулар жасалынсын және түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырсын.
3. Әр топ тәрбиешілері өз тәжірибелерін дамытып, бір бірімен бөліссін.

Төрайымы  
Хатшы:



А.Абилдаева  
Б.Бабаева

## Педагогикалық кеңестің

### №3 хаттамасы

02.12.2022 ж

Қатыскандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары». Баяндама. Тәрбиеші Б.Бабаева
3. ХХІ- ғасырдың тәрбиешісінің болмысы қандай болу керек? Дөңгелек үстел.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау

**1.Тыңдалды:** Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева -жалпы балабақшада балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда жоспарлы түрде көптеген жұмыстар атқарылуда. Балабақшамызда балалардың танымын арттыруда күнделікті өткізіліп тұратын ұйымдастырылған оқу қызметі, серуендер мен ойындар кезінде заттардың қасиеттерін бағдарлауға, қоршаған ортаны тануға, құрастыру дағдыларын қалыптастыруда, экологиялық мәдениет негіздерін, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, іздеу және эксперименталды іс-әрекеттер ұйымдастырылып, ақпараттық жұмыстар өткізілуде. Демек әр баланың жас ерекшелігіне сай, заттардың қасиеттері мен айырмашылығын сипап сезу; есту, иіскеу арқылы ажыратуға, адамдардың іс-әрекеттерімен, өлі және тірі табиғатпен байланыстырып, себеп-салдарын түсіндіруге, топтастыруға, жүйелеуге, кеңістікті бағдарлауға, табиғатта өзін-өзі ұстай білуге, ересектердің көмегімен түрлі зерттеу мен эксперименттер жасауға, түрлі ақпаратты қалай алуға, ұсынуға болатынын түсінеді. Жыл бойына танымдық құзыреттілікті дамыту жұмыстары жалғасады және тәрбиешілер дайындықпен жүргізеді.

**2.Тыңдалды:** Тәрбиеші Б.Бабаева «Қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада қазіргі заманда білім беру технологиялары кең тарала бастап, уақыт пен қоғам сұраныстары жоғары деңгейде қанағаттандыруды талап етуде. Соның педагогикалық технологияларының бірнеше түрін атап өтті: Эссе құрастыру, тірек сызбалар түзу, семантикалық кесте түзу, ойын арқылы оқыту, мультимедиялық құралдарды пайлану, компьютерлік ойындар пайдалану, өз пікірін ерекше айтуға үйрету, әдістен тыс тәсілдер қолдану. Қорытындылап айтсақ бүгінгі күннің талабының ерекшелігі жылдам, қазіргі ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдалана алатын білімді,

шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Соған біздер де өз үлесімізді, іздену арқылы қосып отыруға міндеттіміз деп аяқтады.

**3.Тыңдалды:** «XXI-ғасырдың тәрбиешісінің болмасы қандай болуы керек?» тақырыбында педогогтар әңгіме-сұхбат өткізіп дөңгелек үстел басында өз ойларын білдірді.

Кіші топ тәрбиешісі Әтен Жансая сөз алды: Балабақшада тәрбиеші болу кез келген өнер сияқты көп қырлы және ауыр еңбек. Әртүрлі жағдайларға байланысты тәрбиешінің түрлі рөлдерге жиі енуіне қажеттілік болып жатады. Балалар үшін барлығын білетін ұстаз да ойын кезіндегі жақсы досы, үнемі бала жанын түсінетін жақын адам.

Менің ойымша, жақсы тәрбие беру-бақша материалдары мен бағдарламаны меңгеру ғана емес, ең бірінші баланың күлімдеуі.

әр тәрбиеші күн нұрымен ілесе келген сәбидің мөлдіреген көздерін көруімен бақытты;

сол балақайдың періште тілінде сөйлеген бал тілін естуімен бақытты.

әр тәрбиеші бүлдіршіндердің **сыңғырлаған күлкісін** естуімен бақытты.

әр тәрбиеші біріне бірі ұқсамайтын тәтті де, ерке қылығын сезінуімен бақытты.

әр саусакқа жан бітіріп, түрлі дағдыларды үйретуімен бақытты.

әр балаға қызықты ертегі айтып, қиялын самғатып-ұшырумен, алғашқы білім беруімен, сауатын ашумен бақытты.

әр тәрбиеші бүлдіршіндердің тәтті ұйқыға енген сәтін көрумен бақытты.

әр тәрбиеші сол кішкентай шәкірттерінің ұядан ұшып, өмірдің толқынына қосылып, үлкен, мықты, дарынды азаматтар болғандығына куә болып, сол жеткіншектің тағдырына аз да болса өз үлесін қосқандығымен бақытты.

Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды: Менің ұғымым бойынша әрбір тәрбиеші- тәрбиешінің жеке басының ізгіліктілігінің бағыттылығы, қоғамдық борыштылық пен жауапкершілікті сезінуі, кәсіптік маман ретінде терең де, тиянақты ғылымдық білімінің болуы, педагогикалық технология мен әдістемесін меңгеруі, бірнеше баланы тәрбиелеу ғана емес, бүкіл әлемді, болашақты қалыптастыру деген ұғымды түсінуі керек.

Шәкәрім Құдайбердиевтың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады. Олар барлығынан басым болған адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек» Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді. Сол сапаларды өзімде, өзімнің жан дүниемді қалыптастыруға тырысамын деді. Сонымен қатар барлық педагогтар өз ойларымен, алға қойған мақсаттарымен, жеткен жетістіктерімен, кездескен көкейтесті мәселелер мен кедергілер, көзқарастары туралы айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды:

Келешекте тек ізденіс үстінде көремін деп ойлаймын, сіздердің пікірлеріңізді құрметтеп, қосыламын алдағы уақытта да қуатты, жігерлі, сауатты нәтижелер күтемін деді.

#### 4.Тыңдалды:

Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.«Геометриялық пішіндер»  
**Сөйледі:** Өтен Жансая кіші топ тәрбиешісі -маған сабақтың құрылымы ұнады, балалардың зейіні жан-жаққа шашырамай бәрі тапсырманы орындап отырды, сұрақтарға да ойланып жауап берді.Барлығы балаларға түсінікті, ынғайлы етіп алынған. Тәрбиеші жақсы дайындалған.

**Сөйледі:**тәрбиеші Б.Бабаева-педагог пен балалардың ортасындағы ынтымақтастық, қарым-қатынас жақсы екен, әр балаға берілген тапсырма, баланың қабілеті мен белсенділігін ескерген.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева балалар геометриялық пішіндерді ажырата алды деп ойлаймын.

Шешімі:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Аталған инновациялық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесіне ендірілсін.
3. Әр тәрбиеші жаңа тұрпатты педагог болуға талаптанып, ізденсін.
4. Тәрбиеші сабағы озық тәжірибе ретінде, тәрбиешілердің тәжірибесіне ендірілсін.

Төрайымы  
Хатшы:



А.Абилдаева  
Б.Бабаева

Педагогикалық кеңестің  
№4 хаттамасы

20.03.2023ж

Қатысқандар:5

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы жаңа тұрпатты педагогтық рөлі. Баяндама.
3. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды бағалау. Педагогикалық ұжымды психодиагностикалау.
- 4.Балаларды өмір қауіпсіздігі мен жолда жүру ережелерімен таныстыру. Тақырыпты тексеру қорытындысы. Барлық топ.
5. «Не домалақ ішінде?» Ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды: Мектепке дейінгі ұйымдар қазіргі білім саласының алғашқы сатысы болып саналады. Қ.Р Білім және Ғылым министрлігінің бағдарламаларында көрсетілгендей, мемлекеттік стандарт талаптары мен ережелеріне сай оқу-тәрбие процессін ұйымдастарудамыз. Күн тәртібіне сай күнделікті ұйымдастырылған іс әрекеттер ,ойындар, еңбек, серуен, мәдени-гигиеналық, шаралар жас ерекшеліктеріне сай, жауапкершілікпен, дайындықпен өткізілуі тиісті.Тәрбиешілерге балаларды жалықтырып алмайтын, ықылас ынтасын, зейінін ұстап тұратын ұйымдастырушылық қабілет, ықылас қажет.

**2.Тыңдалды:** Тәрбиеші Б.Бабаева «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы жаңа тұрпатты педагогтың рөлі» тақырыбындағы баяндамасын оқыды. Баяндамада: «Қ.Р жоғары педагогикалық тұжырымдамасында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілгенін, жоғары білімді мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайтынын, жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде даярланған болуы тиіс екенін айтты.

Балабақшада берілген тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлділікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы, осының бәрі тәрбиешіге байланысты болмақ. Тәрбиеші баланы жігерлендіруші, қуат беруші. Тәрбиеші информатор бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденімпаз, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жанашыр болуы керек. Оқу тәрбие үдерісін тиімді оқыту әдістерінің бірі-интерактивті әдіс-тәсілі бірлесе жоғары деңгейде әрекет ету, яғни оған іскерлік ойындар, рөлдерді орындау, сахналау, логикалық ойындар, зерттеу ізденушілік ойындар, танымдық ойындар, кимылды ойындар жатады. Жалпы «құзыретті педагог» дегеніміз-адамның өз мамандығы бойынша кәсіби және әлеуметтік пісіп жетілуі. Оқу-тәрбие үрдісін заман талабына сай жүргізетін, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыратын, дамымалы білім, ортасына сіңісіп кете алатын маман болуы керек. Мектепке дейінгі балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты білуі керек. Балалардың ойын, оқу, еңбектегі ерекшелігін ескере білетін біліктілігінің қалыптасуы. Педагогикалық жаңа-әдіс тәсілдерді меңгеріп жаңаша жұмыс істей білуге қабілеттілігі. Жаңа технологияларды меңгерген кәсіби құзыреттілігі жоғары, шебер, адамгершілік, кісілік қасиеттері бар маман болуы керек.

Отбасымен іс-әрекет ұйымдастыруы.

Сауатты, эмоционалды мәнерлеп сөйлеуі.

Ұқыптылық, іскерлік стиль, әдеп, күлкі, ойлау және тыңдай білу, өзін-өзі ұстай білуі тәрбиешінің имиджі болып табылады.

Мемлекеттік ана тілде және басқа тілде қатынас жасай алуы.

Эстетикалық талғамының жоғары болуы

Бала пікірін құрметтеуі.

Кездейсоқ жағдайларда өзін-өзі басқаруы.

Қазақтың және басқа ұлттардың салт-дәстүрін білуі, насихаттау.

Хаттамаға баяндама қоса тіркелді.

**3.Тыңдалды:** Балабақша педагог-психологы А.Абилдаева ұжымды психодиагностикалау мақсатында тест қабылдады. Тестте ұжымдағы

әлеуметтік-психологиялық жағдайды зерттеуге арналған жедел әдістемелік сұрақтар болды. Ұжымдағы адамдардың жағымды, жағымсыз қасиеттері туралы, іскерлік біліктілігі, қабілеті жөнінде бір-бірінен көмек сұрауы, жеке тұлғалық қасиеттері, демалысты ұжым мүшелерімен өткізуге қалай қарайтыны, жұмыс жөнінде сұрақтар туындағанда кімге сүйенетіні, ұжымдағы қандай атмосфера басым екені жөнінде сұрақтарға жауап алынып, жауаптар құпия сақталады, иесі көрсетілмей жауаптары келесі кеңесте таныстырылатыны жөнінде айтылды.

**4.Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева балабақшаның жылдық жоспары бойынша «Балаларды жолда жүру ережелерінің қарапайым түрлері мен өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру» тақырыбында өткен тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталып өтті.Осы тақырыпта ,ортаңғы топтарда тексерулер болды. Жалпы адамзат денсаулығы басты құндылығымыз, байлығымыз. Балаға да соны түсіндіре көрсете отырып санасын жеткізүміз керек. Өз денсаулығын сақтау мен нағайтуға тәрбиелейміз. Өмірден кездесетін барлық қауіптен, қатерден, зияннан сақтап, сақтануға дағдыландыруымыз керек. Дегенмен қауіп айтып келмейді, үнемі мұқият болуға шақырамын. Өткен тексеру нәтижесіне тоқтасак: топтарда ата-аналарға балаларға арналған жылжымалы папкалар бар.

«Жол әліппесі»

«Өрт шыққан жағдайда»

«Абайлап жүр»

«Тазалық сақта»

Балаларды қарапайым жол ережелерімен таныстыруда қимылды ойындар, сахналау, ұйымдастырылған оқу қызметтері жоспарланған. Апталық жоспарларда тазалық, қауіпті заттардан сақтау, серуен кезінде мән беру жоспарланған.

Ұсынастар: жалпы бала ойын үстінде жарақат алғаны туралы жеке әңгімелер өткізіп, бейнетаспалар, жол ережесі туралы мультфильмдер, өмір қауіпсіздігі туралы түрлі-түсті сүретті альбомдар жасау. Зиянды өсімдіктер мен жәндіктер туралы суреттер, роликтар жасау.

**5.Тыңдалды:** Кіші топ тәрбиешісі Әтен Жансая Сурет салу «Не домалақ пішінде?» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс әрекеті талқыланды.

**Сөйлегендер:** Ересек топ тәрбиешісі Б.Бабаева тәрбиеші сабақты жақсы жоспарлаған. Балалардың түсті ленталармен байланыстырып тілек айтуының өзі баланың қиялының, тілінің байлығын дамытса, бәрі бір шанырақ астына жиналуы ынтымақ, татулыққа шақырғаны, жақсы көңіл-күйге ендіреді. Бауырсақтың костюмі де әдемі, сапалы болды. Балаларға зор қуаныш сыйлады. Педагог-психолог: А.Абилдаева Балалардың зейінін аударатын құралдарға келсек, әр балаға арналған, жақсы жасалған, түймелеуге, жіптер өткізу, құммен жұмыс бала жүйкесін сабырландырып, жұмысты аяқтауға, тапсырманы орындау шеберлігін, ой-қиялын дамытады. Жұмыстың нәтижесіне қуанады. Әсемдікке ұқыптылыққа үйренеді. Бірақ балалар көбірек еркінсігендей болды.

### **Шешім:**

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
- 2.Бала жүрегін түсінетін, еңбекқор да, ізденімпаз болуға әрекеттену.
- 3.Тест сұрақтарына диагностика жасалып, келесі кеңесте сұхбат өткізілсін. Жауапты психолог А.Абилдаева
- 4.Ұсыныстағы қауіпсіздік туралы материалдар толықтырылсын.
- 5.Тәрбиеші Б.Бабаева ұйымдастырылған іс әрекет қанағаттанарлық деп бағаланып, әдіс-тәсілдері оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын.

Төрайымы  
Хатшы:



А.Абилдаева  
Б.Бабаева

26.05.2023ж

Қатысқандар:8

**Күн тәртібінде:**

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талқылау.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Жазға маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.
4. Қорытынды мониторинг.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды.

Құрметті әріптестер, кезектегі оқу жылы да аяқталды. Жыл бойы бар күшіміз бен білімімізді, еңбек ете отырып бала бойына сіңіруге әрекет еттік. Әр бала ашылмаған жаңалық, жазылмаған дастан. Көздеріне карап бар мейірімділікті бергің келеді, әлсіз де икемсіз қолдар мен саусақтарды жан бітіріп, түрлі икемге тәрбиелейміз. Болмашы кимыл іс-әрекет, былдырлаған тілі өзіне бір қуаныш пен сенімділік әкеледі. Ата-ана да бізден осыны күтуде. Білім мен тәрбие қатар жүретінін ұмытпайық. Күшімізді ата-анамен біріктіре отырып болашақ еліміздің тірегі, ұрпағын тәрбиелеуде немқұрайлылық танытпайық.

**2.Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз шығармашылық жұмыстарына есеп берді. Және есеп қортындысы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева тоқталып өтті: әр баланың қиялын дамытып, бойындағы өнерді, талапты жандандыруда шығармашылық қасиет керек. Ал, әр педогог бойындағы қасиет қай салаға бейімді екенін, немесе өзі бір қызығатын тақырыпта ізденіп, тәжірибе жинақтау, материалдар жинап, бала бойындағы қасиеттерді оятуға себебі тисе дейміз. Мына тақырып ыңғайлы деп қана емес, қызықты тақырып алу қажет. Және үнемі ізденіп, дамытып, өзі де дамып отырады. Бәріміздің солтұсымыз шетте қалып қояды, тақырыбымыз сол, жыл бойы ықтияттап естен шығармау, басқа салалармен байланыстыра отырып жұмыс істеу керек. Бәріңіздің материалдарыңыз аз, іздену де аз. Ойларыңызды жинақтап, тиянақты жұмыс істеулеріңіз қажет.

**3.Тыңдалды:** Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Аманбаева тоқталып өтті: Жазғы маусымға әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында іс шаралар жүргізіледі. Түрлі серуендер, ойындар, зерттеу-ізденуші ойындары, балалардың шығармашылығын арттыруға, ұжымда тату-тәтті, достарымен бірлесе

ойнауды, шомылуды, күнге күйдіріну, спорттық ойындар, сумен ойындар, сахналық қойылымдар жоспарланды.

Әр белгіленген жауапты педагог, іс-шараны сапалы безендіріп, жауапкершілікпен қызықты өткізуге тиісті. Ең бастысы өткізілген іс-шара кезінде күн астында ұзақ қалмауы, қауіпсіз болуы керек. Міндетті түрде мейірбикенің қатысуымен өткізіліп, бақылауда болуы керек. Және өткізілген іс-шара суреттермен әдіскерге өткізіледі.

**Тыңдалды:** Келесі мәселе жөнінде де балабақша \_\_\_\_\_ меңгерушісі А.Абилдаева жалпы қорытынды мониторингке тоқталды:

Балабақшамыздағы жүргізіліп отырған оқу тәрбие жұмысының сапасы мен санын жыл соңында қортындылап бағалайтынды білеміз. Әр педагогтың өз еңбек өтіліне қарай бұл нәтиже жаман емес. Бірақ жалпыға міндетті білім беру стандарт ережелеріне көбірек мән беру, бағдарламаларды толық меңгеріп, балалармен жұмыс жасағанда, практика мен теорияны байланыстырып, нәтижеге жетсек, еңбек етейік. Оған көп күш жігер, табандылық пен білім қажет. Заманауи талапқа сай педагог болуға әрекет етейік, талап етемін.

#### Шешім:

1. Балалар жүрегіне жол табатын мейрімді іс-әрекеттерге, табыстарға ұмтылу.
2. Белгіленген шығармашылық тақырыптарының мазмұнына, мақсатына сай материалдар жинақтап, толтыру, іздену.
3. Жазғы маусымға арналған, бекітілген іс-шаралар өз уақытында, жауапкершілікпен өткізілсін.
4. Тәрбиешілер өз біліктілігін көтеру курстарына жіберілсін, ізденіп біліктілігін арттырсын.

Төрайымы  
Хатшы:



А.Абилдаева  
Б.Бабаева